21108243611

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 20 наурыз №3514-24-00-2/955 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.М.Машрап,
сот отырысының хатшысы А.Б. Сабетова бола отырып,
ашық сот отырысында азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Гулистан Букенбаевна Балхиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Турдағалиев С.Б.
жауапкер өкілі Балхиев Б.Қ.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 20 қыркүйекте «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» ШЖҚ РМК-і (бұдан әрі - тапсырыс беруші) және жеке кәсіпкер Г.Б.Балхиева (бұдан әрі – өнім беруші) арасында №343-23-ГЗ «Кондиционер сплит жүйесі» тауарын жеткізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

Шарттың жалпы сомасы – 771 960 теңге.

Тауарды жеткізу мерзімі – тапсырыс беруші өтініш берген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде.

2023 жылғы 14 желтоқсанда тапсырыс беруші 2023 жылғы 19 желтоқсанға дейін тауарды жеткізуді орындау қажеттілігі туралы өтініш жіберген.

Талап қоюшы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Жауапкер өкілі сотқа пікір жолдаған жоқ. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімді бұзу туралы өтінішінде жауапкер өкілі шарттың қосымшаларында екі түрлі тауар көрсетілгеніне назар аударады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдады, қанағаттандыруды сұрады. Техникалық ерекшеліктерде қате жіберілгенін, сипаттамасы бойынша қабырғаға ілінетін кондиционер көрсетілгенін, ал лоттың сипаттамасында еденге қойылатын кондиционер жазылғанын түсіндірді.

Жауапкер өкілі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады, өйткені шартта көрсетілген тауарды жеткізу мүмкін болмады, Қазақстан Республикасының аумағында ол табылмады, шет мемлекеттен жеткізуге берілген тапсырыс орындалмай қалды, басқа дүкендерден алайын деген тауардын бағасы өте қымбат болды. Бастапқыдан қабырғаға ілінетін кондиционер жеткізу қажеттілігі белгілі болғанын, мемлекеттік сатып алуға қатысқанда сондай ниет білдіргенін және тапсырыс берушінің өкілі оны растағанын түсіндірді. Тапсырыс берушінің өкілімен байланысып, қандай тауар жеткізілуге тиіс екенін анықтағанда, қабырғаға ілінетін деп түсіндіргенін баяндады. Бірақ, функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесіне сай кондиционер нарықта табылмағанын түсіндірді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабы бойынша, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабы 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен шарт жасасып, белгіленген мерзімде, яғни 2022 жылғы 19 желтоқсанға дейін, тауарды жеткізуге міндеттенген.

Документ подписан: Машрап А. М., 26.03.2024
Дата вступления в законную силу: 28.05.2024, судья Машрап А. М., 05.06.2024
3514-24-3-6/76

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін орындамаған, тауар жеткізілмеген, бұл жағдай қабылдау-тапсыру актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

АПК-нің 72 және 73 баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкер тарапынан сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға заңмен белгіленген мерзімі өткізілмеген.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкердің тауарды жеткізбеуіне байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АК-нің 359-бабы 2-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Жауапкердің техникалық ерекшеліктерге сай келетін тауар табылмағаны және оның тым қымбат бағаланатыны жөніндегі уәждерін сот назарға алмайды, өйткені шартқа қол қойып, ол онымен толық келісіп, тиісті тауарды жеткізуге міндеттелген.

АПК-ның 117 бабы 1-бөлігінің талабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Документ подписан: Машрап А. М., 26.03.2024

Дата вступления в законную силу: 28.05.2024, судья Машрап А. М., 05.06.2024

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының жауапкер жеке кәсіпкер Гулистан Букенбаевна Балхиеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Гулистан Букенбаевна Балхиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Гулистан Букенбаевна Балхиевадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Документ подписан: Машрап А. М., 26.03.2024

Дата вступления в законную силу: 28.05.2024, судья Машрап А. М., 05.06.2024

3514-24-3-6/76